

"Жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу қағидаларын және "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы" атағын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 16 тамыздағы № 1272, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 тамыздағы № 410, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 тамыздағы № 583 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 319 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 23 шілдедегі № 714, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 24 тамыздағы № 399, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 шілдедегі № 382 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2026 жылғы 6 тамыздағы № 299-н/қ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 тамызда № 39725 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 16 тамыздағы № 1272, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 тамыздағы № 410, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 тамыздағы № 583 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 319 "Жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу қағидаларын және "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы" атағын беру қағидаларын бекіту туралы" бірлескен бұйрығының (Мемлекеттік құқықтық актілерді тіркеу реестрінде № 17308 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетіне:

1) Бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

_____С. Нурбек_____Е.
Нагаспаев_____Е. Аккенженов
_____Е. Сарсембаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК